



Бекітемін
колледж директоры
С.Рамазанов
«01» 08 2026 ж

АРАЛЫҚ АТТЕСТАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Колледжде аралық және қорытынды аттестация Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрықтың 2-қосымшасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығына 2-қосымша) негізінде жүзеге асырылады.

1.2. Бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульді (пәндер) игеру қорытындылары бойынша жұмысшы біліктілігін беру рәсімін өткізу үшін біліктілік комиссиясы құрылады;

1.3. Аралық аттестаттау кезінде емтихандарға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған білім алушылар жіберіледі.

1.4. Білім алушыларды емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін: емтихан билеттері (емтихандық бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары аралық аттестация тапсырмалары студенттерге қолжетімді.

1.5. Аралық аттестаттау кезінде емтихандарға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған білім алушылар жіберіледі.

1.6. Емтихан жазбаша (тест) ауызша билеттері бойынша тапсырылады. Ауызша емтиханға әр білім алушыға 25 (жиырма бес) минуттан артық емес уақыт, жазбаша емтиханды (тест) Platonus платформасы түрінде өткізіледі.

1.7. Аралық аттестаттау шеңберінде біліктілік емтиханын өткізу кезінде практикалық тапсырманы орындау үшін 1 емтихан алушыға 6 астрономиялық сағаттан аспайтын уақыт бөлінеді.

1.8. "Қанағаттанарлықсыз" (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық рұқсат етілмейді.


1.9. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған кезде емтиханды (сынақты) қайта тапсыру мерзімін білім беру ұйымы дербес айқындайды.

1.10. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша біреуден артық емес "қанағаттанарлық" бағасы бар білім алушылар үшін білім алушының білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысандағы өтініші негізінде бағалауды арттыру мақсатында қайта тапсыруға жол беріледі. Емтиханды (сынақты) қайта тапсыру білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен ресімделеді.

1.11. Барлық емтихандар бейнежазбаға түсіріледі.

1.12. Студенттердің жауаптарына сәйкес аралық емтихан бағалары Platonus платформасына қойылады.

Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары



С.Кунапиянова